

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 17/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 мамырда № 4256 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 45/04 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қаласы әкімдігінің 13.10.2017 № 45/04 ( алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағы 8-1) тармақшасына сәйкес Қарағанды қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Қарағанды қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 8 маусымдағы № 23/04 " Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу № 3863 тізілімінде болып тіркелген, 2016 жылдың 24 маусымында "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде тіркелген, "Индустриальная Караганда" 2016 жылдың 30 маусымында № 83-84 (22028-22029) және "Орталық Қазақстан" 2016 жылдың 30 маусымында № 103-104 (22 209) газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары И.Ю. Любарскаяға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*Н. Әубәкіров*

Қарағанды қаласы әкімдігінің  
2017 жылғы "28" сәуір  
№17/01 қаулысымен бекітілген

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер с а н ы		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдардағы ата-аналардың бір айға ақы төлеу мөлшері (теңге)		Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жан басына шаққандағы бір айға арналған қаржыландыру мөлшері (теңге)	
		мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
1	балабақша	11355	4543	11000	-	22550	26000	22550	26000
2	мектепке дейінгі шағын орталық	1798	-	11000	-	10735	-	10735	-